

егемен

Қазықаспан

Қазыналы өңірдің келешегі

Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің Атырау облысына сапарында мұнай-газ өнеркәсібіндегі жобалардың өміршеңдігіне басым бағыт берілді

Мұнайлы өңірге жұмыс сапарымен келген Үкімет басшысы алдымен Каспий теңізінің қазақстандық секторында барланған Қашаған кен орнының “D” жасанды аралындағы жұмыстармен танысты. Теңіздің солтүстік бөлігінде халықаралық жеті компанияның атынан операторлыққа таңдалған Аджип ҚКО кен орындарында бағалау, игеру тұрғысындағы жұмыстарды бастағанына 4-5 жылдан асты. Солтүстік Каспийдің кен орындарынан мұнай өндіруге орай өнімді бөлісу жөніндегі келісім (ӨБК) аясындағы барлау, бұрғылау жұмыстары сәтті жүргізіліп жатқан ірі кеніштің бірі –Қашаған. Бұл – әлемде теңдесі жоқ кеніш. Сонымен бірге, Каспийдің қазақстандық секторында Ақтоты, Оңтүстік-батыс Қашаған, Қайран, Қаламқас секілді кен орындарының шикізаттық қоры мол болатынына болжам жасалып отыр.

Аджип ҚКО кен орындарындағы барлау, бағалау ұнғымаларындағы жұмыстардың тоқтаусыз жүргізілуіне серпін беру мақсатымен теңіздің ішінен жүздеген тонна тастан жасанды аралдар тұрғызуды қолға алды. Олардың екеуі Қашаған кен орнында, ал Ақтоты мен Қайранда бір-бір аралдан тұрғызылған. Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов қызығушылық танытқан “D” жасанды аралының басты ерекшелігі, бұл теңіздегі алғашқы технологиялық-пайдалану кешеніне айналады, деп түсіндіреді осы істің басы-қасында жүрген мұнайшылар. Себебі, бұл жасанды арал Қашағанды игерудің алғашқы кезеңінде теңіздегі нысандардың “бас штабы” іспеттес болмақ. Қазір мұнда жұмысшыларға арналған “Шапағат” және “Қарлығаш” атты тұрғын жайлар мен өндірістік-технологиялық ғимарат, апатты жағдайларда шұғыл әрекет етуге кірісетін мұзжарғыш кемелердің айлағы, сонымен қатар, 2 бұрғылау қондырғысы, электр энергиясымен қамтамасыз ететін генератор құрылғысы бар. Алдағы 2 жылда дәл осы арал мен құрлықтағы нысандар арасына мұнай құбыры мен газ желісі тартылмақ. Теңіздегі мұнай өндіру үдерісі өрістер сәтте осындай жасанды аралдар жердегі нысандар мен құбырлардың бір-бірімен байланысын жалғайтын басты тармақ болады деп күтілуде.

Каспий теңізінен өнім алу қамындағы Аджип ҚКО компаниясы мұнай мен газды кешенді дайындау технологиясын іске асыратын жаңа қондырғы құрылысын жүргізіп жатыр. “Болашақ” деп аталатын бұл кешенді қондырғыны зауыт деп атаса да болады. Себебі, мұнда Каспий теңізінен өндірілген қара алтын құрамы күкірт, су, меркаптан секілді табиғи қоспалардан айырылып, әлемдік мұнай рыногына экспорттық шикізат ретінде дайындалмақ. Басқаша айтқанда, мұнда тәулігіне 450 мың баррель (жылына 22,5 млн. тонна) мұнай өңдеуден өтеді. Сонымен

бірге, осында жылына 6,2 млрд. текше метр газ дайындалатынын мамандар жасырмайды. Еліміздің экспорттық мұнай тасымалындағы көшбасшылық мәртебесін биіктететін маңызға ие кешендік қондырғы Атыраудан 35 шақырым жерде, Мақат ауданының аумағында бой көтеруде. Компанияның аймақтық менеджері Лучано Ваккестің түсіндіруінше, аталмыш жобаның құны 3,5 миллиард АҚШ долларына бағаланып отыр.

Компания соңғы екі-үш жыл бедерінде Мақат ауданы аумағында екі ірі құрылыс нысанын жүргізуді қолға алды. Оның бірі – мұнай мен газ дайындау зауыты болса, екіншісі – вахталық кент. Жалпы ұзындығы 1,5 шақырымға созылған зауыттың құрылысына 22 мың тонна металл конструкциялары орнатылған. Бұдан өзге 7 700 тонна болат конструкцияларынан мұнай сақтайтын қазандар жасалыпты. Зауытқа қажетті металл конструкциялары негізінен отандық өнімдер екенін баса айтқан жөн. Әлемнің көптеген елдерінен тек ірі көлемді қондырғылар ғана тасымалдануда. Мұндай қондырғылардың 90 пайызы қазірдің өзінде жеткізілген. Былтырдан бері 90 шақырымдық мұнай құбыры тартылған. Зауыттың құрылысындағы жұмыстар шарықтау шегіне таялғанда оған тартылған жұмысшылар саны 11 мыңға жететін болады.

Ал вахталық кенттің сәулеттік көрінісі көз тартатынын жасыруға болмайды. Оның құрылысымен Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2005 жылы облысқа келген сапарында танысып, “Самал” деп орынды атаған еді. Түнде айналады самаладай жарқырап, күндіз алыстан менмұндалайтын кентте 5 тұрғын жай пайдалануға берілген. Оның екеуі 54 орынға есептелсе, ал үшеуінде 84 орыннан бар. 500 адам еркін тамақтанатын асхана, 200 адамдық кеңсе ғимараттарына қоса алғашқы медициналық көмек көрсету, кір жуу секілді жұмысшылардың түрлі қажеттіліктеріне қызмет көрсететін қосалқы нысандар жұмысын бастапты. Адамдардың діни рәсімдерін атқаруына да қолайлы жағдай жасалған. Жобалық құны 100,0 млн. АҚШ долларына тең вахталық кенттің екінші кезеңін алдағы жылдың қыркүйегінде аяқтау жоспарланып отыр.

Кәрім Мәсімов Аджип ҚКО-ның құрылыс нысандарымен кеңірек танысқаннан кейін “Теңіз” кенішіне табан тіреді. Бұл да шетелдік мұнай алпауыттарының назарын көмірсутекті шикізатымен аударған ірі кеніштің бірінен саналады. Оны 1993 жылдан бері “Теңізшевройл” бірлескен кәсіпорны игеруде. Кәсіпорын жыл сайын мұнай өндіру көлемін ұлғайтып келеді. Былтыр өндірілген қара алтын көлемі 13,3 млн. тоннаны құрады. Ал табиғи газ өндіру өткен жылы 6,9 млрд. текше метрге жеткен. Мұнай құрамындағы күкірттің мөлшері 16 пайызды құрайды. Оны кәдеге асырудың, яғни, дайын өнім ретінде тұтынушыға жөнелтудің қадамдары жасалып жатыр. Қазір 20 шақты елге күкірт шығарылады. Бірақ соған қарамастан газ айыру зауыты маңында тау-тау болып жинақталып қалған күкірт көлемі 8 935 478 тоннаны құрайды.

Кәсіпорын мұнай өндіру көлемін ұлғайтуды жоспарлағандықтан

екінші буын аталатын жаңа зауыт және шикі газды кері айдау жобаларының құрылысын жүргізуде. “Парсонс Флюор Даниель” компаниясы бас мердігері болатын қос жобаны іске асыруға 5,5 млрд. доллар жұмсалады екен. Алдағы жылдың бірінші тоқсанында іске қосылатын қос жоба мұнай өндіруді жылына 24 млн. тоннаға жеткізеді. Ал газды кен қабатына кері айдау алдымен, күкірттің жинақталып қалуын азайтады. Демек, жаңа жобалар кәсіпорынның тынысын аша түспек.

Тасымалдайтын өнім көлемі артуымен экспорттық бағыттар да көбейетін секілді. Қазір мамандардың айтуынша, Каспий құбырымен мұнай тасымалдауда кешеуілдеу орын алғандықтан, бұдан өзге бірнеше балама бағыттар қарастырыла бастаған. Соның бірі – оңтүстік бағыттағы Ақтау теңіз айлағымен Бакуге мұнай жеткізу. Екіншісі, Ресей арқылы солтүстіктегі Одесса айлағына мұнай тасымалын жандандыруға ынта бар. Сол себептен, мұнай құю эстакадасын жаңғырту қолға алыныпты. Кәсіпорынның мұнай құятын темір жол цистерналары жеткілікті көрінеді. Оның ұзындығы 168 шақырымды құрайтынынан қанша цистерна бар екенін бағамдай беріңіз...

Өңірде мұнай-газ саласындағы жобалардың өміршеңдігі дау тудырмайды. Мұны Премьер-Министрдің мұнайлы Атырауға сапарының барысынан аңғардық. “Қашағандағы” және “Теңіздегі” жобалардың ел экономикасы үшін маңызы зор. Мамандарымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға да ықпал етеді. Қазір осы жобаларда 70 пайыздан астам жергілікті мамандар жұмысқа тартылды. ТШО-дағы отандық мамандардың үлесі –89, ұлттық менеджерлер 70 пайызды құрайды. Аталған жобалардың іске асырылуымен келешекте осы өңірде мұнай-химия кешенінің құрылысын жүргізуді ойластырудамыз. Оған Теңіз кенішінен күкірт, сонымен бірге, сұйық және құрғақ газдарды шикізат ретінде жеткізудің келісімдері жасалды, деп түйіндеді Энергетика және минералды ресурстар министрі Бақтықожа Ізмұхамбетов.

Облыста мұнаймен бірге балық шаруашылығын дамыту ісі де маңызын жоймаған. Премьер-Министр осы саладағы ірі зауыт–“Атыраубалықта” да болып, балықтың жон етінен өнім дайындайтын цехының жұмысымен танысты. Мемлекет меншігіне алынғалы отырған кәсіпорын басшысы Мұқаш Үсенбаев 100-ден астам өнім түрлерінің дайындалу үдерісі туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Қазір кәсіпорында 921 адам жұмысқа тартылған екен.

Мұнан соң Үкімет басшысы “Кіші Дамбы” тартымына келіп, браконьерлерге қарсы күресті көрсеткен “Бекіре-2007” жаттығуын тамашалады.

Ал кеше Кәрім Мәсімов Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің “Атамекен” жалпыұлттық одағы облыстық филиалының мүшелері және облыс активімен кездесті. Шығып сөйлеушілердің сөзін тыңдаған соң Премьер-Министр олардың көтерген мәселелері және облысты аралау барысында өзі ойға түйгендері туралы шағын сөз сөйледі. Атырау облысының жағдайын жақсы білетінін айта келіп ол осы

өңірде өндіріліп жатқан толағай табысқа халық тұрмысы деңгейінің де сәйкес келу керектігін баса айтты. Әрине, бұл тарапта көп жұмыстар істеліп жатқан көрінеді, бірақ ол түсіп жатқан мол табыстың деңгейіне сәйкес емес деді ол. Осы тұрғыда өңірдегі орта және шағын бизнесті дамыту үшін арнайы бағдарлама қабылдаған жөн деп ойлаймын. Біз өз тарапымыздан барлық инфрақұрылымдарды дамытуға көмек береміз. Бірақ ол бірмезгілдік шаралар. Арнайы бағдарлама болса біз тұрақты түрде жүйелі көмек жасап тұрар едік дей келіп осы іске мұнай-газ компанияларының көмегін де тарту керектігін айтты.

Елбасы мұнай-газ секторына келген инвесторлардың елдің жалпы экономикасының дамуына да ынталы болуын үйлестіру керектігі жөнінде тапсырма бергенін еске салды. Осы тұрғыда Энергетика және минералды ресурстар министрлігі мен “ҚазМұнайГаз” ҰК негізгі инвесторлармен жұмыс істеу керектігі, ал мұнай өндіру мен игеру кадрларын дайындау ісі бойынша Білім және ғылым министрлігі арнайы кәсіптік-техникалық мамандар дайындау бағдарламасын жасауы қажеттігін айтты.

Кездесу соңынан “Теңізшевройл” ЖШС бас директоры Тодд Леви мен “Қазақстан Петрохимикал Индастриас” АҚ президенті Дәурен Ердебай Мұнай-химия кешеніне шикізат беру туралы келісімнің негізгі шарттарын бекіту туралы меморандумға қол қойды.

Жақсыбай САМРАТ, Жолдасбек ШӨПЕҒҰЛ, Атырау облысы.